Келісемін:

Оқу-ісінің меңгерушісі

Даутова Б.А.

«02» 10 2023 жыл

**Тәрбиелеу білім беру процесі**

**2023-2024 оқу жылы**

**Аралас 3-4 топ**

**Қазан 1-апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 02.10.2023 | Сейсенбі 03.10.2023 | Сәрсенбі 04.10.2023 | Бейсенбі 05.10.2023 | Жұма 06.10.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Салемдесу<br>Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу **Медбике тексеруі** | Салемдесу<br>Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу**<br>**«Ұлттық киімдер»**: Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы айтып, суреттер көрсету. Киімдерді көрсетіп, олардың маңызын түсіндіру. | Салемдесу<br>Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Өнегелі 15минут»** Тақырып: "Тыңдау және жауап беру"<br>Мақсаты: Біреуді мұқият тыңдауды және жауап беруді үйрету.<br>- Ойын (5 минут): "Мен не айттым?" ойыны (балалар кезекпен қарапайым сөйлемдерді қайталайды). | Салемдесу<br>Көңілді әуенмен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу**<br>**"Тақия тастамақ"**<br>**Ойын ережесі**: Балалар шеңбер бойымен отырып, көздерін жұмады. Жүргізуші бір баланың артына тақияны тастап кетеді, ал балалар қайсысына тақия | Салемдесу<br>Жақсы көңіл күй тілеу<br>**Медбике тексеруі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | түскенін табуы керек. Ойын сезгіштікті, байқағыштықты дамытады. | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланы балабақшадан қалдырмау туралы кеңес беруАта-анамен консультация | Балабақшада қойылатын талаптарды біріңғай үйдеде қолдануға кеңес беру Ата-анамен консультация | Үйде балаға балабақша туралы кітап мен мульфильмдер көрсету туралы кеңес беру Ата-анамен консультация | Балабақшада баланың болуы оның өміріндегі маңыздылығы туралы ата-анаға кеңес беру Ата-анамен консультация | Баланы балабақшаға жақсы көңіл күймен ұйқыдан тұрғызып, аналық мейірім төгіп әкелу туралы кеңес беру Ата-анамен консультация |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | **3-жас** **«Түстерді тап» ойыны** - **Міндеті:** Баланың түстерді ажырату қабілетін дамыту. - **Барысы :** Балаларға бірнеше түсті карточкалар беріп, бір түсті атағанда сол түстегі карточканы көрсетуін сұрау **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік,)** | **«Дыбыстарды ести біл» ойыны** - **Міндеті:** Бала әртүрлі дыбыстарды таниды және ажырату -**Барысы:** Ойын барысында балаға әртүрлі дыбыстар тыңдатып, «Бұл қандай дыбыс?» немесе «Бұл ненің дыбысы?» деп сұрау **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **«Қайсы артық?» ойыны** - **Міндеті** : Логикалық ойлауды және сөйлеуді дамыту. - **Барысы** Бір топ заттың ішінен біреуі артық болатындай етіп таңдап, баладан артық затты тауып, неліктен артық екенін түсіндіруін сұрау **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік,)** | **«Сурет салу» ойыны** - **Міндеті:** Қолдың ұсақ моторикасын және сөйлеуді дамыту. - **Барысы:** Балаға белгілі бір тақырып бойынша сурет салуды ұсыныңыз, содан кейін ол сурет салу барысында не салып жатқанын айтып беру керек. **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін,)** | **«Пішіндерді тап» ойыны** - **Міндеті:** Геометриялық пішіндерді ажырату және атау. - **Барысы:** Балаларға әртүрлі пішіндер көрсетіп, олардың атауын сұраңыз немесе «Қайсы пішін дөңгелек?» деп сұрау арқылы тапсырма беру **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік,)** |
| | **4-жас** **"Кім не дейді?"** - **Міндеті:** Жануарлардың | **"Табиғатпен танысайық"** - **Міндеті:** Табиғаттың негізгі | **Менің қолымда не бар?"** - **Міндеті:** Заттарды атау және олар туралы | **"Кім қайда тұрады?"** - **Міндеті:** Жануарлардың | **Қарсы сөздерді үйренеміз"** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарын тану және олардың аттарын айтуға үйрету.<br><br>**- Ойын барысы:** Балаларға жануарлардың суреттері немесе ойыншықтары көрсетіледі. Тәрбиеші әр жануардың атын атап, оның дыбысын шығарады. Мысалы, "Мынау – сиыр. Сиыр "му-му" дейді". Балалар жануардың атын қайталап, оның дыбысын салады.<br><br>**(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | элементтерімен танысу және оларды дұрыс атауға үйрету.<br><br>**- Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді немесе табиғат элементтерін көрсетіп (гүлдер, ағаштар, жапырақтар), олардың атын айтады. Балаларға табиғат элементтерін сипаттау және олардың атауларын қайталау ұсынылады. Мысалы, "Бұл – ағаш. Ағаштың жапырақтары бар".<br><br>**(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | қарапайым сөйлемдер құрау.<br><br>**- Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға әртүрлі заттарды (ойыншық, жеміс-жидек, киім т.б.) көрсетеді. Балаларға "Бұл не?" деп сұрақ қояды, ал балалар сол заттың атын айтады. Кейін балаларға қарапайым сөйлемдер құрауға көмектесу ұсынылады. Мысалы, "Бұл – алма. Алма дәмді".<br><br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | мекендерін дұрыс айту және түсіну.<br><br>**- Ойын барысы:** Балаларға жануарлардың суреттері немесе ойыншықтары беріледі, және олар қайда тұратыны түсіндіріледі. Мысалы, "Қоян орманда тұрады", "Балық суда жүзеді". Балалар осы жануарларды өз орындарына орналастырып, "Қоян орманда", "Балық суда" деп сөйлем құрайды.<br><br>**(коммуникативтік, физикалық, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **- Міндеті:** Қарсы мәндес сөздерді үйрену және оларды қолдану.<br><br>**- Ойын барысы:** Балаларға қарама-қарсы сипаттағы заттар немесе суреттер көрсетіледі. Мысалы, үлкен-кіші, биік-аласа, жылы-суық. Балаларға мысал келтіріледі: "Бұл – үлкен аю, ал мынау – кішкентай аю". Балалар заттарды атап, олардың айырмашылығын түсіндіреді.<br><br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін,)** |

| Таңертеңгі жаттығу | **Таңғы жаттығу кешені №1** | **Таңғы жаттығу кешеніNo2** | **Таңғы жаттығу кешеніNo3** | **Таңғы жаттығу кешеніNo4** | **Таңғы жаттығу кешеніNo5** |
|---|---|---|---|---|---|
| • | **(Дене қыздыру – 2-3 минут)**<br><br>**Жүру:** Балаларды шеңбер бойынша жайлап жүруге шақырыңыз. Қолдарын жоғары көтеріп, "күнге" қол созады, кейін жерге еңкейіп, "гүл тереді".<br><br>**Жүгіріс:** Бірнеше секунд орташа жылдамдықпен шеңбер бойымен жүгіріңіз. Оларды "көбелектер" деп елестетіп, гүлдерді аралап жүргендей қимылдар жасатыңыз.<br><br>**"Қанат қағу" (Қолға арналған жаттығу)**<br><br>**Бастапқы жағдай:** Тұрып, аяқ иық кеңдігінде.<br><br>**Қимыл:** Қолды екі жаққа созып, көбелек сияқты қанат қағу қимылдарын жасау. Қолды алдымен жоғары-төмен | **"Тұлпардың шабысын қайтала" (Жоғарғы денеге арналған жаттығу)**<br><br>**Бастапқы жағдай:** Тұрып, аяқ иық кеңдігінде<br><br>**Қимыл:** Қолдарды белге қойып, денені оңға және солға бұру. "Тұлпар" шауып келе жатқандай, қимылдарды сенімді және ширақ жасау. (10 рет әр жаққа)<br><br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу**<br>**Дәстүрлі әндер:** Қазақтың ұлттық әндерін тыңдату. Балаларға әндермен бірге билету | **"Ағашқа қол жеткізу" (Созылу жаттығуы)**<br><br>**Бастапқы жағдай:** Тұрып, аяқ иық кеңдігінде<br><br>**Қимыл:** Қолды жоғары созып, ағаштың бұтағына қол жеткізуге тырысып, алдымен оң жаққа, содан соң сол жаққа еңкею. Балалардан "ең биік бұтақты" ұстауды сұраңыз. (10 рет әр жаққа) | **"Қара жорға" (Тізе және аяқтарға арналған жаттығу)**<br><br>**Бастапқы жағдай:** Тұрып, аяқ иық кеңдігінде.<br><br>**Қимыл:** Қолды белге қойып, бір тізені кезекпен жоғары көтеріп, шапшаң түрде қимыл жасау. Бұл жаттығуды "Қара жорға" биінің қарапайым қимылдарымен үйлестіруге болады. (8-10 рет әр аяқпен) | **"Құстар секілді ұшамыз" (Иілу жаттығулары)**<br><br>**Бастапқы жағдай:** Тұрып, аяқ иық кеңдігінде.<br><br>**Қимыл:** Қолдарды екі жаққа созып, алдыға еңкейіп, аяқтың ұштарына дейін жеткізуге тырысу. Еңкейген сайын, "құс" секілді қанат қағып, қайта тұру. (8-10 рет)<br><br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу**<br><br>**«Би қимылдарын қайтала"**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың ептілік пен тез ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Ойын барысы:** қазақтың ұлттық биінің қарапайым қимылдарын көрсету, ал балалар оны қайталауы керек. Қимылдар біртіндеп күрделене түседі, ал балалар қимылдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғалту, содан кейін шеңбер бойынша айналдыру. (10-12 рет қайталау) | | | | дұрыс қайталап орындауға тырысады. |
| **Таңғы ас** | Кейбір балалардың тамақты асықпай жейтінін, ал кейбір балалардың жылдам жейтінін ескере отырып, оларды асықтырмай, керісінше тамақты жақсылап шайнауға, ұсынылғанның бәрін тауысып жеуге үйрету<br><br>**Дұрыс тамақтану үйрету** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.<br><br>***Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету*** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету<br><br>**Дұрыс тамақтану үйрету** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу<br><br>**"Музыкалық шеңбер"**<br><br>**Мақсаты**: Балалардың музыкалық ырғақты сезуін және бірлесіп | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау<br><br>***Жол қозғалысының қауіпсіздігі***<br><br>**Мақсаты:** Балаларды жолда дұрыс жүріп-тұруға, бағдаршам сигналдарын тануға үйрету. | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау<br><br>**Өрт қауіпсіздігі**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды өрттің қауіптілігі туралы ақпараттандыру және сіріңке, шам сияқты заттарға жоламау керектігін түсіндіру.<br><br>**Іс-әрекет:** Педагог өрттің қаншалықты қауіпті екенін, өртке себеп болатын заттарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимыл жасау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып тұрады, әуен қосылған кезде олар қол ұстасып, әуеннің ырғағына сай билейді. Әуен тоқтағанда, шеңбер ішіндегі бір бала ән айтып немесе би қимылын көрсетеді. Ойын осылай жалғаса береді, әр бала өз кезегімен шығады. Бұл ойын балалардың музыкалық есту қабілетін жақсартады.<br><br>**(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін,)** | | **Іс-әрекет:** Балаларға бағдаршамның түстері туралы түсіндіру: қызыл — тоқта, сары — дайындал, жасыл — жүр.<br><br>Жолдағы жаяу жүргіншілер жолағының маңызын түсіндіру.<br><br>Ойын түрінде «Бағдаршам» ойынын ұйымдастыру: мұғалім бағдаршам түстерін айтады, балалар сол түске сәйкес әрекет жасайды (қызылда тоқтап, жасылда жүреді). | | (сіріңке, отпен ойнау) түсіндіреді.Балалармен «Өрт шыққанда не істеу керек?» деген сұрақты талқылау.<br><br>Өрт кезінде 101-ге хабарласу қажеттілігін және өрттен қашу жолдарын ойын түрінде көрсету. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **3-жас**<br>**Дене шынықтыру**<br><br>**"Құстардың ұшуы" (Жүру жаттығулары)**<br><br>Балалар шеңбер бойынша баяу жүріп, қанаттарын қағып ұшып бара жатқан | **Қазақ тілі**<br>**"Сөздік қорды кеңейту" (Жаңа сөздер үйрену)**<br><br>**Міндеті:** Балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру. | **Дене шынықтыру**<br><br>**"Секірулер"**<br><br>**Міндеті**: Баланың аяқ күшін және дене тепе-теңдігін дамыту.<br><br>**Қимыл**: Бір орында қос аяқпен жоғары секіру. | . **Музыка**<br><br>**"Ән үйрену"**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың вокалдық қабілеттерін дамыту, ән айту техникасын үйрету.<br><br>**Ән:** Балаларға қарапайым әрі көңілді | **Дене шынықтыру**<br><br>**"Жылдам аюлар" (Жүгіріс жаттығулары)**<br><br>Балалар шеңбер бойымен жүгіріп, өздерін аюлар сияқты сезінеді. Жай жүрістен жүгіріске ауысу керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құстарды елестетеді. Бұл жаттығу дене қыздыруға көмектеседі.<br><br>Қимыл: Қолды екі жаққа жайып, баяу жүріп, жоғары-төмен иілу қимылдарын жасайды. | **Тақырып:** "Жемістер" (немесе басқа тақырып).<br><br>**Құрал:** Жемістердің суреттері немесе ойыншықтары (алма, алмұрт, банан, жүзім және т.б.).<br><br>**Қимыл:** педагог балаларға суреттерді көрсетіп, жемістердің қазақша атауларын айтады. Балалар педагогтың артынан қайталап, әр жемістің атауын есте сақтайды. | Балалар секіргенде қолдарын жоғары созып, аспанға ұшқан құстарды елестетеді. 10-12 рет қайталау. | қазақтың халық әнін немесе балаларға арналған әнді үйрету.<br><br>**Қимыл:** Мұғалім балаларға әннің әуенін үйретіп, сөздерін жаттатады. Балалар әнді қайталап, бірге орындайды. Ән айту кезінде балаларға қолмен немесе денемен әуенге сәйкес қимылдар жасау ұсынылады. | Қимыл: Шеңбер бойынша орташа жылдамдықпен жүгіріс, кейін тездетіп жүгіріс жасау. |
| | **4-жас**<br>**Дене шынықтыру**<br>1. Бағытты өзгертіп жүру;<br><br>2.Шеңбер бойлап жүгіру;<br><br>**Қимылды ойын:**<br><br>«Әжемнің жіп шумақтарын жинайық»<br><br>**Барысы:** Ойын кезінде қолдарынан ұстап жіп шумағына ұқсап ирек жолдармен жүрді, дөңгелене тұрды | **Қазақ тілі**<br>**«Дұрыс және бұрыс» – Сөйлем құрау дағдысын дамыту**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың сөйлем құрау дағдысын және дұрыс сөйлеу қабілетін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог бірнеше дұрыс және бұрыс сөйлемдер айтады. Балалар бұрыс сөйлемдерді тауып, оларды дұрыс сөйлемге айналдырады.<br>Мысалы, «Мысық ұшады» – бұрыс, «Мысық жүреді» – дұрыс. | **Дене шынықтыру**<br>**«Қимыл-қозғалысқа сай билеу» – Қозғалыс пен музыкалық ырғақ сезімін дамыту**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың қозғалыс үйлесімділігі мен музыкалық ырғақты сезіну қабілетін дамыту.<br>**Қажетті материалдар:** Әртүрлі музыкалық тректер (жылдам, баяу, орташа темп).<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар музыкаға сәйкес қимылдар жасап, билейді. Музыканың жылдамдығы өзгерген сайын, қимылдар да | **Музыка**<br>**Музыка**<br><br>Тақырыбы : «Отбасы»<br>**Мақсаты:** Отбасы жылулығын сезіндіру.<br><br>Ата-анасына,бауырларына арнап ән үйрету.<br><br>**Ән тыңдау:** «Келші,келші балашым» Е Хасанғалиев<br><br>**Ән айту:** «Менің отбасым» Л.З.Аитова | **Дене шынықтыру**<br><br>**«Музыкалық мүсін» – Қозғалыс пен тоқтауды меңгеру ойыны**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың шапшаңдық, икемділік және зейінін дамыту.<br>**Қажетті материалдар:** Музыка.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар музыка ойнап тұрған кезде еркін билейді. Музыка тоқтаған кезде, олар дереу қозғалуды тоқтатып, мүсін сияқты қатып қалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Музыка**<br><br>**«Барабандармен жаттығу» – Дене қимылы мен музыкалық ырғақты үйлестіру**<br><br>**Мақсаты:** Қозғалыс пен музыкалық ырғақты үйлестіру, дене бұлшық еттерін дамыту.<br>**Қажетті материалдар:** Барабандар немесе олардың орнына қолданылатын құралдар (қолмен ұруға болатын заттар).<br>**Ойын барысы:** Балалар барабанның ырғағына сәйкес қимылдар жасайды. Әрбір барабан соғысында балалар секіру, иілу немесе басқа да дене жаттығуларын жасайды.<br>Әр ырғаққа сәйкес балалардың қимылдары да өзгереді (мысалы, баяу барабан – жай қимыл, жылдам | Бұл ойын балалардың грамматикалық білімдерін жетілдіріп, дұрыс сөйлем құрауға үйретеді. | өзгереді (баяу музыкада жай қимылдар, жылдам музыкада шапшаң қимылдар).<br>Бұл жаттығу арқылы балалардың дене үйлесімділігі дамиды, әрі музыкалық ырғақты сезіну қабілеті күшейеді. | («Үш тілдегі әндер» жинағынан) | Музыка қайта ойнағанда, қимылдарды жалғастырады.<br>Қозғалысты тоқтатпай қалған балалар ойыннан шығады.<br>Бұл ойын балалардың қозғалыс пен тоқтауды меңгеруге, шапшаңдық пен икемділікті дамытуға көмектеседі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | барабан – шапшаң қимылдар). Бұл ойын балалардың қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытады және музыкалық ырғаққа сай әрекет ету қабілетін күшейтеді. | | | | |
| | 3-4 жас **"Ормандағы жануарлар" композициясы** **Міндеті:** Мүсіндеу, жапсыру және құрастыруды үйлестіру арқылы қоршаған әлем туралы білімдерін кеңейту. **- Мүсіндеу:** Балаларға пластилин немесе саз беріңіз де, жануарлардың мүсіндерін (аю, қоян, түлкі) жасауды ұсыну **- Жапсыру:** Алдын ала қағазға ағаштың немесе шөптің суретін салыңыз. Жапсыруға | **"Фермадағы өмір"** **Міндеті:** Балаларға ауыл шаруашылығымен және жануарлар әлемімен танысуға мүмкіндік беру. **- Мүсіндеу:** Балалар пластилиннен қой, сиыр, тауық сияқты ферма жануарларын мүсіндейді. **- Жапсыру:** Түрлі-түсті қағаздан шөп немесе жеміс-жидек қиып, фермадағы жануарларға қорек дайындайды. **- Құрастыру:** Қора немесе ферма ғимаратын картоннан жасап, оны | **"Менің арманымдағы қала"** **Міндеті:** Балалардың қиялын дамыту және құрылыс элементтерін меңгеру. **- Мүсіндеу:** Пластилиннен әртүрлі ғимараттарды, көпірлерді немесе көліктерді мүсіндеу. **- Жапсыру:** Түрлі-түсті қағаздардан көшедегі шамдар, ағаштар немесе жолдар қиып алып, қағаз бетіне жапсыру. **- Құрастыру:** Қораптардан немесе картоннан биік үйлерді | **"Теңіз әлемі"** **Міндеті:** Теңіз жануарларын танып білу және шығармашылықпен жұмыс істеу. **- Мүсіндеу:** Пластилиннен немесе камырдан балықтар, шаяндар, медузалар мүсіндеу. **- Жапсыру:** Көк қағазға түрлі-түсті қағаздардан су өсімдіктері мен теңіз түбіндегі тастарды жапсыру. **- Құрастыру:** Картоннан кеме, қайық немесе арал | **"Ғарышқа саяхат"** **Міндеті:** Балалардың ғарыш туралы қиялын дамыту. **- Мүсіндеу** Пластилиннен ғарыш кемесі, планеталар немесе ғарышкерлер мүсіндеу.: **- Жапсыру:** Қара қағазға жұлдыздарды жапсыру үшін түрлі-түсті қағаздан немесе фольгадан жұлдызшалар дайындау. **- Құрастыру:** Қораптардан немесе қағаздан зымырандарды немесе ғарыш |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| • | арналған түрлі-түсті қағаздардан жапырақтар мен гүлдерді қиып, балалар оларды ағашқа жапсырып орналастыру<br>- **Құрастыру:** Қарапайым картоннан немесе табиғи материалдардан (таяқшалар, шөптер) қоршау немесе үйшік құрастыруды ұсыну. **(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | түрлі-түсті қағазбен немесе табиғи материалдармен безендіреді. **(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | немесе дүкендерді құрастырып, оларды түрлі түсті қағазбен немесе бояумен безендіру. **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | құрастырып, оны теңіз әлемінің ішіне орналастыру. **(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | станцияларын құрастыру. **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** |
| **Серуенге дайындық** | **Саусақ жаттығуы: «Үстел»**<br>«Үстелдің төрт аяғы бар,<br>Үстінде алақан тәрізді қақпағы бар». | **Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым»**<br>Бас бармақ – ата,<br>Сұқ саусақ – әже,<br>Ортан терек – әке.<br>Шылдыр шүмек – ана,<br>Кішкене бөбек – мен. | **Саусақ жаттығуы: «Достық» жаттығуы**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес… (шынашақтан бастап, | **Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы»**<br>Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады<br>- Сәлеметсің бе, Балаң үйрек!<br>- Сәлем, Ортан терек!<br>- Амансың ба, Шылдыр шүмек!<br>- Қалың қалай, Кішкене бөбек! | **Саусақ жаттығуы: «Гүл»**<br>Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайлап саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тақпақты қайталау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес..<br>Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). | (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады) | Міне, гүлдің бүршіктері,<br>Ашылады әдемі. |
| **Серуен** | **Серуен картотекасы№1**<br><br>**"Табиғатпен сәлемдесу"**<br><br>**Мақсаты:** Балаларға табиғаттың әсемдігін түсіндіріп, оны бағалай білуге баулу.<br><br>**Қимыл:** Педагог балаларды табиғатқа шығуға дайындап, оларды серуенге шақырады. Әр бала табиғатпен амандасып,ағаштарға, гүлдерге, құстарға «Сәлем!» деп айтады. Бұл жаттығу арқылы балалар табиғатпен байланыс орнатып, оны қорғауға ынталанады.<br><br>**Қауіпсіздік ережелерін қайталау**:Балаларға серуен кезінде қалай | **Серуен картотекасы №2**<br><br>**Серуен: Табиғат аясындағы бақылау және танымдық әңгіме**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру, өсімдіктер мен жануарлар туралы білім беру.<br><br>**Экологиялық іс-әрекет: Табиғатқа қамқорлық жасау**<br><br>**Мақсаты:** Табиғатқа сүйіспеншілік пен қамқорлықты қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау.<br><br>**Іс-әрекет:**<br><br>Балалармен бірге ауладағы немесе серуен алаңындағы қоқыстарды жинау. Оларға қоқысты | **Серуен картотекасы№3**<br><br>**Серуен: "Күзгі орман"**<br><br>**Мақсаты:** Күзгі табиғатты бақылау, жапырақтардың түстерін ажырату және желдің қалай соғатынын сезіну.<br><br>**Бақылау:**<br><br>Балаларды күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерімен таныстыру. Жапырақтардың түстері өзгергенін, олардың ағаштан түсуін бақылау.<br><br>**Сұрақтар:** «Жапырақтар қандай түске боялған?», «Қандай жапырақтар үлкен немесе кішкентай?»<br><br>**Ойын:** | **Серуен картотекасы№4**<br><br>**"Құстарды бақылау"**<br><br>**Мақсаты:** Құстар туралы түсінік беру, олардың дауыстарын тыңдау және қайда ұшатынын бақылау.<br><br>**Бақылау:**<br><br>Балалармен бірге серуен кезінде құстардың дауыстарын тыңдап, олардың қайда ұшып жүргенін бақылау. Құстардың атауларын атап, оларға сипаттама беру.<br><br>**Сұрақтар:** «Құстар қалай сайрайды?», «Қайда ұшады?»<br><br>**Ойын:** | **Серуен картотекасы№5**<br><br>**"Ағаштар әлемі"**<br><br>**Мақсаты:** Ағаштардың түрлерін тану, олардың жапырақтары мен діңдерін бақылау.<br><br>**Бақылау:**<br><br>Ауладағы ағаштардың жапырақтарын, діңдерін бақылау. Олардың биіктігі мен жапырақтарының пішінін көру.<br><br>**Сұрақтар:** «Бұл қандай ағаш?», «Жапырақтары қандай?»<br><br>**Ойын:**<br><br>**"Ағашқа айналамыз"** ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүру керек, қоршаған ортаға қалай мұқият болу керектігі туралы ережелер түсіндіріледі.<br>**1. Экологиялық тәрбие: "Табиғатты қорға"**<br>**Мақсаты:** Балалардың табиғат туралы білімін кеңейту және оны қорғауға баулу.<br>**Қимыл:** Балалар серуен кезінде өсімдіктер мен жануарлар туралы әңгімелейді. Мұғалім оларға ағаштар, гүлдер, шөптер және жануарлар туралы мәліметтер береді.<br>**Сұрақтар:**<br>«Ағаштардың жапырақтары не үшін керек?»<br>«Құстар не жейді?»<br>«Гүлдерге не керек?»<br>**Қоршаған ортаны қорғау:** Балаларға | дұрыс сұрыптауды үйрету: қағазды, пластикті және шыныны бөлек жинау. Бұл балалардың жауапкершілік сезімін оятады<br>**Құралдар:** Қолғаптар, қоқыс жәшіктері.<br>**(коммуникативтік, физикалық, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **"Жел мен жапырақтар"** ойыны.<br>Балалар «жапырақ» болып, жерге түскен жапырақтар секілді қолдарын жайып, жеңіл секіреді. Мұғалім «Жел соқты!» деген кезде, балалар алаңда жүгіріп, жапырақтар секілді айналып ұшады.<br>**(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **"Құстар секілді ұшамыз"** ойыны.<br>Балалар құстар секілді қолдарын жайып, ұшуды бейнелеп жүгіреді. Ойын арқылы олардың қимылдары дамиды, әрі құстарға қызығушылығы артады.<br>**(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | Балалар ағашқа ұқсап, орындарында қимылсыз тұрып, кейін жел соққанда «қимылдайды» (қолдарын жоғары көтеріп, тербеледі).<br>**(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоқысты тастамау, өсімдіктерді жұлмау туралы түсіндіріледі.<br><br>**2. Еңбекке баулу: "Көгалдандыру" немесе "Гүлдерге су құю"**<br><br>**Мақсаты:** Балаларға табиғатқа еңбек ету арқылы қамқорлық көрсетуді үйрету.<br><br>**Қимыл:** Балалар бақшадағы немесе ауладағы гүлдерге су құяды немесе жапырақтарды жинайды. Бұл жаттығу арқылы балалар еңбекке баулынады және қоршаған ортаға қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді.<br><br>Мысалы: әр бала кішкене су құтысын алып, бір-екі гүлге су құяды. Педагог оларға су құйғанда қалай жасау керектігін түсіндіреді: "Гүлдерге көп су құюға болмайды, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | себебі олар суға тұншығады."<br><br>**3. Дидактикалық ойын: "Табиғаттан не көрдің?"**<br><br>**Қимыл:** Балалар серуен кезінде табиғаттағы заттарды бақылап, оларды есте сақтауға тырысады. Серуен соңында педагог: «Сендер табиғаттан не көрдіңдер?» деп сұрақ қояды. Балалар көргендерін тізіп айтып береді.<br><br>**(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу ***Жеке гигиенаны сақтауға баулу*** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу** |
| **Түскі ас** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық , өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гигенасы мәдениетін үйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Дұрыс тамақтану үйрету** |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жай музыка қою. | балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу | ұйықтар алдында балаларға кітап оқу | балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту | ұйықтар алдында балаларға кітап оқу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** | тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды кеpу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды кеpу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау | жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Дұрыс тамақтану үйрету** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | **3-жас** **Суреттермен жұмыс** Балаларға түрлі суреттер көрсетіліп, олардан не көріп тұрғанын айтуын сұрау. Сұрақтар қою арқылы балалардың толық сөйлемдермен жауап беруін ынталандыру. Мысалы: «Мынау не?», «Ол қандай?», «Бұл қайда орналасқан?». | **"Жануарлар әлемі" ойыны** - **Міндеті**: Балалар жануарлар әлемімен таныса отырып, оларды қағаз бетіне бейнелейді. - **Ойын барысы:** Тәрбиеші әртүрлі жануарлар туралы әңгімелеп, балаларға сол жануарлардың суретін салуды ұсынады. Бұл ойында жануарлардың ерекшеліктерін ескеріп, оларды бояу қажет | **«Кім не істейді?» ойыны** Балаларға іс-әрекеттерді көрсететін суреттер немесе ойыншықтар беріледі. Олардан «Кім не істейді?» деген сұраққа жауап беруін сұрау. Мысалы: «Мысық не істейді? Мысық ұйықтайды». | **"Менің орманым" ойыны** - **Міндеті:** Балалар өз ормандарын салып, онда тіршілік ететін жануарлар мен өсімдіктерді бейнелейді. - **Ойын барысы:** Балаларға орманның көрінісін және онда болатын жануарларды суреттеп шығу ұсынылады. Әр бала өз орманының бірегей болуы үшін қосымша | **«Менің күнім» ойыны** Балаларға күнделікті өмірде не істейтінін ретімен айтқызу. Бұл олардың сөйлеу тізбегін және логикалық ойлауын дамытады. Мысалы: «Мен таңертең тұрамын, содан кейін тісімді жуамын, сосын таңғы ас ішемін». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(коммуникативтік, және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **(коммуникативтік, физикалық, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **(коммуникативтік, физикалық, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | элементтер ойлап табуы керек<br><br>**(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | |
| | **4-жас**<br><br>**«Ертегі кітабы» – Жапсыру және мүсіндеу**<br><br>**Мақсаты:** Балаларға өздерінің ертегілерін жасау арқылы креативтіліктерін арттыру.<br><br>**Ойын барысы:**<br><br>Балалар өздерінің жеке ертегілерін ойланып, оларды жазады.<br><br>Содан кейін, әр бала ертегісіндегі кейіпкерлер мен оқиғаларды мүсіндейді.<br><br>Барлық балалар өз ертегілерін айтып, ортаға салған соң, бір | **«Табиғаттың таңғажайыптары» – Сурет салу**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды табиғаттың сұлулығын байқап, оны сурет арқылы көрсетуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар табиғаттың әртүрлі көріністері (ағаштар, гүлдер, күннің шығуы) туралы әңгімелеседі.<br>Содан кейін, олар өздерінің табиғатқа шыққан тәжірибелерін еске ала отырып, сурет салады.<br>Дайын суреттерін топта көрсетіп, олардың табиғатқа қалай әсер еткенін талқылайды. | **«Менің сүйікті орным» – Сурет салу және жапсыру**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды өздерінің сүйікті орындарын бейнелеу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар өздерінің ең ұнататын жерлерін (саябақ, теңіз, таулар) таңдап, оларды суретке салады.<br>Суреттерін жапсырып, табиғаттың немесе орманның элементтерімен толықтырады.<br>Әр бала өз жұмыстарын таныстырып, сол орынның не үшін ұнайтынын айтып береді. | **«Табиғаттың өзгерісі» – Сурет салу**<br><br>**Мақсаты:** Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқап, оны сурет арқылы көрсету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаларға төрт маусымды (көктем, жаз, күз, қыс) сипаттап беріңіз.<br>Содан кейін, әр бала өз таңдаған маусымының суретін салады.<br>Дайын суреттерін біріктіріп, «Табиғаттың төрт мезгілі» көрмесін ұйымдастырады | **«Табиғатта серуен» – Сурет салу**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды табиғатта серуендеу барысында байқаған нәрселерді бейнелеуге үйрету.<br><br>**Ойын барысы:**<br>Балалар табиғатқа серуендеуге шығып, байқағандарын жазып алады.<br>Үйге келген соң, олар осы байқауларын суретке түсіріп, салуға кіріседі.<br>Дайын суреттерін таныстырып, серуендеу кезінде не көргені туралы әңгімелейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| • | үлкен «ертегі кітабы» жасалады.<br>**(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін,)** | **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** |
| **Жеке баламен жұмыс** | **Түймелер мен баулар"**<br>**- Мақсаты:** Саусақтардың қимылын жетілдіру және зейінді дамыту.<br>**- Ойын барысы:** Балаларға үлкен түймелерді немесе басқа пішінді заттарды тесікке салу ұсынылады. Бұл жаттығу саусақтардың икемділігін арттырады. Сондай-ақ, жіңке моншақ немесе макарон тізуді де үйретуге болады<br>**Қол моторикасын дамыту**<br>**Кіріктірілген іс әрекеттер** | **"Саусақпен сурет салу"**<br>**- Мақсаты:** Саусақтарды күшейту және шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.<br>**- Ойын барысы:** Балалар саусақтарын бояуға батырып, түрлі-түсті қағазға іздер қалдырады. Саусақтарымен әртүрлі пішіндер мен суреттер жасай алады. Бұл жаттығу қолдың қозғалысын және шығармашылық қабілетін арттырады<br>**Қол моторикасын дамыту**<br>**Кіріктірілген іс әркеттер** | **"Құмда ойнау"**<br>**- Мақсаты**: Қол мен саусақтардың үйлесімді қозғалысын дамыту.<br>**- Ойын барысы:** Балаларға құммен ойнауға жағдай жасау. Оларға ойыншық күрек, қалыптар немесе пішіндер беру арқылы құмнан әртүрлі заттарды жасауды ұсыну. Құмда қазу, жинау және төгу сияқты қимылдар моториканы дамытады.<br>**Қол моторикасын дамыту**<br>**Кіріктірілген іс әркеттер** | **"Пирамидалар мен кубиктер"**<br>**- Мақсаты:** Қолдың дәлдігін және тепе-теңдік сезімін дамыту.<br>**- Ойын барысы:** Балаларға пирамида жасау үшін түрлі көлемдегі сақиналарды, немесе кубиктерден мұнара құрастыруды үйрету. Бұл ойын баланың заттарды ұстап, дәл орналастыру дағдыларын дамытады.<br>**Қол моторикасын дамыту**<br>**Кіріктірілген іс әркеттер** | **"Қағазды жыртып және умаждап, мүсін жасау"**<br>**- Мақсаты:** Қолдың бұлшықеттерін күшейту және саусақтардың икемділігін арттыру.<br>**- Ойын барысы:** Балаларға түрлі-түсті қағаздарды жыртып, олардан шарлар немесе басқа пішіндер жасау ұсынылады. Қағазды умаждау процесі саусақ бұлшықеттерін жаттықтырады.<br>**Қол моторикасын дамыту**<br>**Кіріктірілген іс әркеттер** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру<br>**Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br>**Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** |
| **Серуен** | **Серуен картотекасы №6**<br>**Бақылау: "Жапырақтардың өзгерісі"**<br>**Мақсаты:** Жапырақтардың түсі мен пішіндерін тану, күзгі өзгерістерді бақылау.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ағаштардағы жапырақтардың түстерін бақылайды: жасыл, сары, қызыл және қоңыр жапырақтарды таниды.<br>Педагог балаларға жапырақтың неге түсетінін және күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерін түсіндіреді. | **Серуен картотекасы.№7**<br>**Бақылау: "Күннің күйі"**<br>**Мақсаты:** Ауа райын сезіну, күннің жылуы немесе салқын болуы туралы түсінік беру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар күннің қалай жылытып тұрғанын немесе ауа райының салқындығын сезіну үшін бетін күнге қаратады немесе желді сезінеді.Педагог балаларға «Күннің шуағы бізді қалай жылытады?» деген сұрақтар қояды.<br>**Сұрақтар:**«Бүгін күн жылы ма, әлде суық па?»<br>«Күн бізге не береді?»<br>**Белсенділік:** | **Серуен картотекасы.№8.**<br>**Бақылау: "Бұлттарды бақылау"**<br>**Мақсаты:** Аспандағы бұлттардың қозғалысын байқау, олардың түрлері мен пішіндерін тану.<br>**Іс-әрекет:**Балалар аспанға қарап, бұлттардың пішінін және олардың қалай қозғалатынын бақылайды.<br>Педагог бұлттардың әртүрлі болатынын түсіндіреді: жұқа, қалың, ақ немесе қара бұлттар.<br>**Сұрақтар:**«Бұлттар қандай? Олар неге ұқсайды?»<br>«Бұлттар қайда қозғалып бара жатыр?» | **Серуен картотекасы.№9.**<br>**Бақылау: "Құстарды бақылау"**<br>**Мақсаты:** Құстардың қозғалысын, олардың дауысын тыңдау, құстардың түрлерін ажырату.<br>**Іс-әрекет:**Балалар серуен барысында құстардың даусын тыңдап, олардың қалай ұшып жүргенін бақылайды<br>Педагог құстардың атауларын атап, олардың табиғаттағы рөлі туралы әңгімелейді.<br>**Сұрақтар:**«Қандай құстарды көрдік?» | **Серуен картотекасы.№10**<br>**Бақылау: "Ағаштардың биіктігі"**<br>**Мақсаты:** Ағаштардың биіктігін, олардың жапырақтары мен діңін зерттеу.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ағаштардың дініне қарап, олардың биіктігін бағалайды.Педагог ағаштардың қалай өсетінін түсіндіреді.<br>Балаларға ағаштың жасыл жапырақтары мен олардың пішіндерін көрсету.<br>**Сұрақтар:**«Ағаш биік пе, әлде аласа ма?»<br>«Жапырақтар<br>қандай пішінде?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сұрақтар:**<br><br>«Жапырақтар қандай түстерге боялған?»<br><br>«Бұл жапырақтар қай ағаштан түсті?»<br><br>**Белсенділік:**<br><br>Жапырақтарды жинау, олардың пішінін қолдарымен сипалап сезіну, жапырақтармен ойындар ұйымдастыру.<br><br>**Өсімдіктерге күтім жасау**<br><br>**Мақсаты:** Балаларға өсімдіктердің күтімі туралы түсінік беру және табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру.<br><br>**Іс-әрекет:**Балалар бөлмедегі немесе ауладағы өсімдіктерді суарады. | Күнге қарап, оның қалай жарқырап тұрғанын бақылау, желдің күші мен ауа райының әсерін сезіну.<br><br>**Ойыншықтарды жинау және реттеу**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды өз заттарына және ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға үйрету.<br><br>**Іс-әрекет:**Балалар ойнап болған соң, ойыншықтарды арнайы себетке немесе сөрге жинайды.<br><br>Ойыншықтарды әртүрлі санаттарға бөлуге үйрету (мысалы, машиналарды бір жерге, қуыршақтарды басқа жерге қою).<br><br>**Құралдар:** ойыншықтар, ойыншықтарды жинайтын себеттер. | **Белсенділік:**<br><br>Балалар бұлттардың пішінін елестетіп, «Олар неге ұқсайды?» деп айтады (мысалы, жануарларға, үйлерге ұқсайды деп елестету).<br><br>**Ауладағы жапырақтарды немесе қоқысты жинау**<br><br>**Мақсаты:** Балаларға қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету.<br><br>**Іс-әрекет:**Балалар серуен барысында жерге түскен жапырақтарды немесе қоқыстарды жинайды.<br><br>Педагог балаларға табиғатты қорғау және қоқыстарды жинаудың маңызын түсіндіреді.<br><br>**Құралдар:** кішкентай қаптықтар, қолғаптар. | «Құстар қалай ән салады?»<br><br>**Белсенділік:**<br><br>Құстардың дауысын еліктеу, құстардың ұшуын бейнелеп ойнау (қолдарын жайып, құстар секілді жүгіру).<br><br>**Құстарды немесе жануарларды күту**<br><br>**Мақсаты:** Балаларға жануарларға қамқор болуды үйрету.<br><br>**Іс-әрекет:**Балалар балабақшаның ауласында құстарға жем шашады немесе аквариумдағы балықтарға жем береді.<br><br>Педагог құстардың немесе жануарлардың қалай тамақтанатынын және оларға қалай қамқор болу керектігін түсіндіреді.<br><br>**Құралдар:** құс жемі немесе балықтарға арналған жем. | **Белсенділік:**<br><br>Ағаштардың айналасында жүру, олардың жапырақтарын жинау және жапырақтардың пішіндерін талдау.<br><br>**Құммен және сумен ойнау**<br><br>**Мақсаты:** Балалардың ұсақ моторикасын дамыту және еңбекке қызығушылықты арттыру.<br><br>**Іс-әрекет:**Балалар құмда немесе суда арнайы ойыншықтармен ойнап, құмнан әртүрлі пішіндер жасайды.<br><br>Ойнап болғаннан кейін, балалар жұмыс орнын жинайды, құралдарды жуып, сөреге қояды.<br><br>**Құралдар:** құм және суға арналған ойыншықтар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| • | Топтағы гүлдердің жапырақтарын сүртеді.<br><br>Педагог балаларға судың өсімдіктер үшін маңызды екенін түсіндіреді және өсімдіктердің қалай өсетінін көрсетеді.<br><br>**Құралдар:** кішкентай су құйғыштар, майлықтар.<br><br>**(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды)** | **(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды)** | **(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды)** | **(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу | Ата -аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әнгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу |

**Келісемін:**

**Оқу-ісінің меңгерушісі**

**Даутова Б.А.**

**«09» 10 2023 жыл**

**Тәрбиелеу білім беру процесі**

**2023-2024 оқу жылы**

**Аралас 3-4 жас**

**Қазан 2-апта**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 09.10.2023** | **Сейсенбі 10.10.2023** | **Сәрсенбі 11.10.2023** | **Бейсенбі 12.10.2023** | **Жұма 14.10.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Сәлемдесу<br>Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу<br>**Медбике тексеруі** | Сәлемдесу<br>Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында**<br>**Ұлттық тағамдар арқылы таныстыру**<br>Қазақтың ұлттық тағамдарын балаларға қарапайым тілде түсіндіріп, олардың қандай ингредиенттерден жасалатынын айту | Сәлемдесу<br>Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Су қауіпсіздігі**<br>**Мақсаты:** Балаларға суға жақын жерлерде қауіпсіздікті сақтау қажеттілігін түсіндіру.<br>**Іс-әрекет:**Су қоймаларының жанында ересектерсіз ойнамау керектігін түсіндіру. | Сәлемдесу<br>Көңілді әуенмен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі** | Сәлемдесу<br>Жақсы көңіл күй тілеу<br>**Медбике тексеруі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | арқылы балаларды ұлттық ас дәстүріне қызықтыру. Мысалы, бауырсақ пісіру процесін балаларға көрсету немесе қымыздың қалай жасалатынын айтып беру | Балалармен судың қауіпті жерлерін көрсету арқылы түсіндіру (мысалы, терең суға бармау).<br><br>**Құралдар:** Су қоймаларының суреттері, бассейндерде сақтық шараларын түсіндіретін мультфильмдер. | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,**<br><br>**кеңес беру** | Баланы балабақшадан қалдырмау туралы кеңес беру<br><br>Ата-анамен консультация | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау<br>Ата-анамен консультация | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау<br>Ата-анамен консультация | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу<br>Ата-анамен консультация | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу<br>Ата-анамен консультация |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **3-жас**<br><br>**"Сандар мен заттарды сәйкестендіру"**<br><br>**Міндеті:** Балаларға сандарды таныстыру және заттарды санауға үйрету. Сонымен қатар, заттардың атауларын үйреніп, дұрыс сөйлеуге үйрету.<br><br>**Барысы:**балаларға 1-ден 5-ке дейінгі | **"Фигураларды ата" ойыны**<br><br>**Міндеті :** Балалардың сөйлеуін дамыту және қарапайым геометриялық фигураларды таныстыру.<br><br>**Барысы:**<br><br>Балаларға геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) көрсету.Педагог әр фигураны сипаттайды және балалардан | **"Бірден онға дейін санау" ойыны**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды санды айтуға және санауды дамытуға үйрету. Сонымен қатар, сөйлеу дағдыларын дамыту.<br><br>**Өткізу барысы:**<br><br>Педагог 1-ден 10-ға дейін сандарды дауыстап айтып шығады, балаларға қайталауды сұрайды.Сандарды карточкалармен көрсету | **"Түстер мен сандарды сәйкестендіру"**<br><br>**Мақсаты:** Балаларға түстерді таныстыру және сөйлеуді дамыту. Түстерді сандармен байланыстыру арқылы математикалық түсініктерін кеңейту.<br><br>**Өткізу барысы:**<br><br>Педагог балаларға түрлі түсті шарлар мен сандар карточкаларын береді. | **"Кім не істеп жатыр?" ойыны**<br><br>**Мақсаты:** Балаларға сөйлеуді дамытып, заттардың атауларын және олардың іс-әрекетін сипаттауды үйрету.<br><br>**Өткізу барысы:**<br><br>Педагог балаларға суреттерді көрсетіп, «Мынау не істеп жатыр?» деген сұрақ қояды (мысалы, бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сандарды карточкамен көрсетеді.<br><br>Әр санға сәйкес келетін заттарды (мысалы, 3 доп, 4 ойыншық, 2 құс) көрсету және балалардан оларды дауыстап айтуын сұрау.<br><br>Балалардан сұрау: «Бұл қанша?», «Мынау не?» және дұрыс жауап беруін қадағалау<br><br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, )** | қайталай отырып, «Мынау не?» деп сұрау.<br><br>Балалар фигураларды түріне қарай топтастырады және олардың атауын қайталап айтады.<br><br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік,)** | арқылы балаларға әр санды нақты бір затпен сәйкестендіру (мысалы, 5 алма, 3 шар).Балалар заттардың санын дұрыс санап, сандарды дауыстап айтады<br><br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік,)** | Әр балаға «Қанша шар бар?» және «Оның түсі қандай?» деген сұрақ қойып, жауап беруін сұрау.<br><br>Балалар шарлар мен сандарды және түстерді байланыстырып, оларды дауыстап айтады<br><br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік,)** | ойнап жатыр, құс ұшып жүр).<br><br>Балалар сөйлемдер құрап, заттардың атауын және олардың іс-әрекетін дауыстап айтады.<br><br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік,)** |
| | **4-жас**<br>**1. «Түстерді тап» ойыны**<br>**- Міндеті:** Балалардың түстерді ажырату қабілетін дамыту.<br>**- Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі түсті заттар беріледі. Жетекші белгілі бір түсті атайды, ал балалар сол түсті затты көрсетуі керек. Бұл ойын арқылы балалар түстерді тез | **2. «Сиқырлы қапшық» (сенсорлық нұсқа)**<br>**- Міндеті:** Балалардың сезіну арқылы заттың текстурасын анықтауын дамыту.<br>**- Ойын барысы:** Қапшықтың ішінде әртүрлі текстурадағы заттар (жұмсақ, қатты, тегіс, кедір-бұдырлы) болады. Бала қолымен ұстап, не екенін және қандай сезім беретінін сипаттауы керек. Бұл ойын тактильді | **3. «Пішіндерді сәйкестендір» ойыны**<br>**- Міндеті:** Балалардың пішіндерді тану және сәйкестендіру қабілеттерін дамыту.<br>**- Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі геометриялық пішіндер (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш т.б.) беріледі, және олардан сәйкес пішінді арнайы орынға қою сұралады. Балалар пішіндердің атауларын айта отырып, оларды | **4. «Дыбыстарды таны» ойыны**<br>**- Міндеті:** Дыбыстарды ажырату және тыңдау қабілетін дамыту.<br>**- Ойын барысы:** Балалар көздерін жұмып, жетекші түрлі заттармен дыбыстар шығарады (қоңырау, қағазды мыжып, суды құю т.б.). Балалар сол дыбыстарды танып, қандай зат екенін табуы керек. Бұл ойын есту | **5. «Суретті толықтыр» ойыны**<br>**- Міндеті:** Балалардың түстерді және бөліктерді тану қабілетін дамыту.<br>**- Ойын барысы:** Балаларға жартылай аяқталған суреттер беріледі (мысалы, гүлдің сабағы бар, бірақ гүлі салынбаған). Олар дұрыс түсті таңдап, суретті толықтырып, сол суретте не бейнеленгенін айтып береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажыратып, есте сақтау қабілеттерін жетілдіреді. **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік,)** | сезімталдықты дамытуға бағытталған. **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік,)** | дұрыс орналастыруы керек. **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік,)** | қабілетін дамытуға көмектеседі. **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін,)** | **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін,)** |
| • | | | | | |
